

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫН ҚАҚҚАН КҮН

Аялаймын сені, Қызылорда!

ҚАЗАҚСТАН – РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ!

Көк туы биік самғаған,
Бейбітшіл жолды таңдаған.
Ақындары алдаспан,
Азаттық жырын толғаған
Қазақстан – республика менің!

Бақыты бастан таймаған,
Шаттықты өлкем жайнаған.
Қамбасы толы – алтын дән,
Тіршілік қызу қайнаған.
Қазақстан – республика менің!

Даладай дархан даңқы бар,
Қазақы ата салты бар.
Ынтымағы жарасқан,
Ұлт пенен ұлыс халқы бар.
Қазақстан – республика менің!

Дарысын мәңгі ырыс-бақ,
Шапайық шашу уыстап.
Адымдап алға басайық,
Көк туды мәңгі тік ұстап.
Қазақстан – республика менің!

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



Ақмешіт

25 қазан
жұма

№85 (2095)

2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТКЕН МЕРЕКЕ

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы бірқатар азаматтарды Елорда төрінде ел дамуы жолында елеулі еңбегі үшін марапаттады. Құрмет төрінен көрінгендердің қатарында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы да бар. Аймақ басшысының III дәрежелі Барыс орденін иеленуін барша Сыр жұрты қуана қабылдады. Соңғы кездері Сыр өңіріндегі серпінді істер, халықтың сапалы өмір сүруі үшін атқарылып жатқан игі істердің барлығы халықтың көз алдында. Қай салада болсын, республикада көш басында көрініп келе жатқан өңірде атап айтар жетістіктер аз емес. Ең бастысы, елдің енесі биік, келер күннен күтері де аз емес. Сырбойлықтардың мерейін өсірген бұл марапат қажырлы еңбек пен талаптың, береке мен бірліктің нәтижесі екен даусыз. Елордадан басталған мерекелік көңіл-күй Сыр өңірінде де жалғасын тапты. Кеше Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған құқық қорғау органдарының, басқарма, департаменттердің басшылары, зиялы қауым өкілдері мен облыстық мәслихат депутаттары қатысты.

2-БЕТТЕ



ҰЛТТЫҚ САНА МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

Егемендік кез келген мемлекеттің ұлттық құрылысындағы негізгі көрсеткіш. Ғылыми терминологияда ұлттың және халықтың егемендігі түсінігі бар. Сондықтан мемлекеттік құрылымның қалыптасуында ұлттың және халықтың үстемдігі болуы тиіс. Сонымен қатар қазіргі саяси ғылымдарда тұлға мен азаматтың егемендігі термині де кең қолданысқа ие.



Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Еуразиялық кеңістікте КСРО-ның ыдырауы қарсаңы мен салдарынан жаңа геосаяси ахуал қалыптасты. Ғалымдардың көпшілігі алып державаның құлауын мынадай себептермен байланыстырады: елді демократияландыру себептерінен туындаған ұлттардың жеке мемлекет болып бөлінуін қалауы; жүйенің

құлауына әкелген КСРО саяси жүйесінің кемшіліктері; өндірістегі стагнация; сауда және экономикалық қатынастардағы тоқырау мен дағдарыстар; көпұлтты мемлекеттерде кездесетін орталықтанған тенденциялар; КСРО-ның құлауына батыс елдерінің мүдделілігі.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ



Бағдат ҚАДЫРБЕКОВ,
қосымша білім беру оқу-
әдістемелік орталығының
әдіскері, IT маман:

ОЙЫНЫҢ ТАБЫСЫНАН БҰРЫН ОНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫН ОЙЛАУ КЕРЕК

Цифрлық технология көз ілесес жылдамдықпен дамып жатқан кезеңде Сыр өңірі ойын индустриясын дамытуға ден қойып келеді. Өңірде ойын бағдарламасын жасап жүрген талантты мамандар бар. Солардың ішінде «Game Dev» саласының сарапшысы ерекше көзге түседі. 3D модельдеу және ойын әзірлеудегі көп жылдық тәжірибесі бар Бағдат Қадырбеков шытырман оқиғалы ойындар арқылы ұлт болмысын танытып жүр. Сала сарапшысы, «Сыр үміті» жастар сыйлығының иегері, Бағдат Қадырбековпен жақында сұхбаттасудың сәті түсті.

4-БЕТТЕ

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
қалалық мәслихат төрағасы:

БОСТАНДЫҚ ПЕН ЕРКІНДІГІМІЗДІҢ БАСТАУЫ



– 25 қазан – ұлттық мерекеміз. Бұл – халқымыздың рухын көтеретін, елдігімізді нығайтып, ынтымақ, бірлігімізді арттыратын айшықты мереке.

Кеңестік одақ ыдырамаған кезде ел тәуелсіздігі жөнінде мәселе көтеру өте қиын болатын. Бірақ сол кездегі академик-ғалымдар, зиялы қауым өкілдерінің бастамасымен «Егемендік туралы декларация» құжат түрінде рәсімделді. Еліміздің тәуелсіздігіне жол ашылды.

Декларациядағы «Қазақстан мемлекеті – қазақ халқының дамуына жауапты» деген қағидалары халқымыз үшін өте қымбат еді.

Республика күні – азаттықты аңсаған бабаларымыздың тәуелсіздік жолында жан алысып, жан беріскен асқақ рухы алдында тағы бір тазым ететін тарихи күн. Бұл күн – ұлттық стратегиялық мүдделеріміздің анықталған, бостандық пен еркіндігіміздің бастауы болған күн. Сондықтан бұл құжаттың маңызы жыл өткен сайын арта бермек.

Бүгінде елімізде Жаңа Әділетті Қазақстанды құруға ауқымды шаралар қолға алынууда. Заң мен тәртіп үстем ететін, экономикасы дамыған елде адал еңбек етіп, адал табыс табатын, адал адамның қалыптасуы арқасында ілгері ел болатынымызға сенім мол. Ол үшін қоғамдық оптимизм яғни жарқын болашаққа деген сенім болуы керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, «Біз озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алысты көздеп, түрлі арандатушылық әрекеттерден биік тұрмыз, парасатты ел екенімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек».

Мен бойымдағы жақсы қасиеттер үшін кітапқа қарыздармын.
М.ГОРЬКИЙ.

«АҚЫЛДЫҢ КЕНІН» КҮЗЕТКЕНДЕР

– Пәленше Түгеншевтің «Пәлен» деген кітабының 47-бетінде осы тақырып бар. Соны конспектілеп келіндер, – дейді катал кабак танытқан куратор.

Университет қабырғасына енді ғана кадам басқан балмұздақпын. Оңды-солды танымаймыз. Жүгіре басып, Абай даңғылының бойындағы Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық кітапханаға келеміз. Ол кездегі кітапхана – қазіргі Денсаулық үйі. Өлгі кітаптың 47-бетін біздің алдымыздағы толқын конспектілеп жазуға ерініп, жырттып әкеткені де жаңа батады. Жалғыз кітапты он-он бес студенттің алдына қойып, көшіре бастаймыз. Оны көшірмеден өткізу де қып-қызыл ақша. Аптасына ауылдан беріп жіберетін 2 мың теңгені түп-түгел жеткізуің керек. Ал ол ақшаны жеткізу үшін көшірмеден қағаз өткізу, таяқ тастам жерге автобуспен бару тәрізді «ғаламат» істерді қысқартасын. Міне,

біздің «кітапханаға түнеу» хикаямыз осыдан басталған еді...

Әлбетте, «түнеу» дегенде жата-жастана көшіп бару емес, кітапханашы апайлармен бірге есікті жауып, құлыптап қайтатынбыз. Сол кезде бар ғой, «Осы түнде істейтін кітапхана болса» деген ашқұсақ студенттің арманы еді... Қазіргі түнгі кітапханаларға тілші болып барып, ақпараттандырып жүріп, «кеш орындалған арман-ай» деп қаламыз. Шынтуайтына келгенде, мына ғаламда бір-бірін жақсы түсінетін екі адам болса, ол – кітапханашы мен журналистер дер едім.

3-БЕТТЕ



МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Руслан РҮСТЕМОВ, Сенат депутаты:

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Бұл мерекенің тағылымына терең бойлау үшін тарихқа шолу жасау болсақ, Егемендік декларациясын қабылдаудың оңайға түспегеніне көз жеткіземіз. 1990 жылдың 25 қазанында елдік мүддені қолдаған халық қалауларының және ел алдындағы аманатына адал зиялы қауым өкілдерінің қарымды қасиет-қабілетінің нәтижесінде Тәуелсіздігімізге негіз салынып, тарихи әділдікті паш еткен Егемендік декларациясы қабылданды.

Сол кезеңдегі және қазіргі депутаттарды ортақ құндылықтар байланыстыратынын да айтуымыз қажет. Ол – халыққа қызмет ету, мемлекеттік мұрат жолында білімі мен білігін сарқа жұмсап, еңбек ету. Бұл әрі кемелді келесек үшін азаматтық, адамдық парызы сезінуді міндеттейді. Яғни, бізге ел азаматтарының әлеуетін арттыратын, қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін заңдарды қабылдау қабілетіне ұстануға үндейді. Осы мақсатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қоғамды демократияландырып, халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартатын реформаларын сапалы орындау жауапкершілігін де сезініп, еңбек етуіміз қажет.

Депутаттар өңірлерді аралап, халықты толғандыған талап-тілектерін зерделеп, Парламент мінберінде көтеріп, шешілу жолдарын ұсынуға да қатысуымыз қажет. Сондай-ақ тарихи мәні зор бұл құжатта Қазақстанның билік тармағының бөлінісі, ашық та жариялық қоғамның үлгісі көрсетілді. Осы декларация кейін 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заңға» негіз болғаны белгілі.

Әділеттілік үшін айтуға тиіспіз, елімізде конституциялық

реформаларға сай саяси реформалар кезең-кезеңімен іске аса бастады. Мұның көрінісін Мемлекет басшысының бастамасы аясында көп партиялы Парламент жасақталғанынан байқауға болады. Сондай-ақ Үкіметтің өкілеттігі кеңейе түсті. Яғни, түрлі салаға қатысты шешімдерді қабылдау құқығы Үкіметке өтті. Аймақтардың бюджетке қатысты дербестігі арта түсті. Реформаның аясында ауыл әкімі тікелей сайланатын болды. Мұның бәрі атқарушы биліктің жауапкершілігін арттырып, сайлаушылар сенім білдірген өкілді орган «бақылаушы қызметін» іске асыратын саяси құрылым ретінде ілгерілеп, қоғамды демократияландыруда шешуші рөл атқара бермек.

Бүгінде қос палаталы Парламент бірқатар заңдарды қабылдап, халықтың көкейінде жүрген мәселелерге жауап бере бастады. Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де заңсыз сатып алынған активтерді қайтару тетігін қалыптастыру, сондай-ақ оларды заңсыз сатып алуға және шығаруға ықпал еткен жағдайларды жою мақсатында «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды.

Сонымен қатар «Қоғамдық бақылау туралы» және «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңдар мен «Әлеуметтік кодексті» қабылданды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда өнім беру жоспары шеңберінде сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын мемлекеттік реттеу белгіленді, сұйытылған мұнай газын ішкі нарыққа жеткізу тетігі жетілдірілді, үзкілетті органдардың құзиреттері кеңейтілді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын жетілдіру жөніндегі және басқа да нормалар көзделді.

Алашқа алтын бесік болған Сыр өңірі де бүгінде Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен қарқынды дамып, қанат жайып келеді. Бұл – тәуелсіздіктің арқасы. Сыр өңірі жыл басынан бері барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада көш бастауда. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың басшылығымен облыс экономикасына инвестициялық түсімдерді арттыру, құрылыс қарқынның өсуі, аграрлық саладағы жетістіктер аймақтың нақты даму көрсеткішін айқындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақстанның мемлекеттік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн», – деп Республика күнінің мән-маңызын дәл айқындады. Ұлық мереке – Республика күні қымты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ, қоғам қайраткері:

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН КҮН



Бұдан тура 34 жыл бұрын 1990 жылдың қазан айының 25-і Қазақ ССР-і Жоғары Кеңесі президентінің Жарлығымен Республика күні болып жарияланды. Мен ол кезде Шиелі аудандық

партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарғанмын.

Аудандағы алғашқы Республика күнін өткізу, әр ұлттың өнерін, мәдениетін, әлеп-гұрпын, салтын насихаттауға барынша қолдау көрсетіп, олардың өз өнерлерін көрсетуге мүмкіндік жасадық. Туыстық пен туысқандықтың ортақ мәдениетінің туын көтерді. Бұл қазіргі халықтар достығының арқауы еді.

Бір жылдан кейін Қазақстан Республикасының Парламенті еліміздің тәуелсіздік декларациясын жариялады. Яғни, Республика күнін жариялаудан бастау алып, қазақ халқы Тәуелсіздікке қол жеткізіп, батыл қадам жасап келеді.

ЕЛ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТКЕН МЕРЕКЕ

Аймақ басшысы жиналған қауымды ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

Баршанызды еліміздің ең басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлттық ұлықтаған атаулы күнді Сыр өңірі толағай табыстармен қарсы алуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы – Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамуың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды аймақ деп оң бағасын берді.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен арқасында облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын.

Аймақта 43 млрд теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөнделуде. Соңғы үш жылда жөнделген жол 1271 шақырымға жетті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады.

Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 18 млрд теңгеге 70 жоба іске қосылды. Биылдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынды. Бұл тоған жерлерде де заңсыз сатып алынған активтерді қайтару тетігін қалыптастыру, сондай-ақ оларды заңсыз сатып алуға және шығаруға ықпал еткен жағдайларды жою мақсатында «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды.

Басы 1-бетте



Алмалы, Досбол Датқа, Бестам, Төменарық ауылдары) газдандырылуда. Осы жұмыстар аяқталған өңірді газбен қамту көрсеткішін 75-тен 78 пайызға жеткіземіз.

Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асты. Жыл соңына дейін көрсеткіш 98,1-ден 98,6 пайызға артты. Келесі жылдың соңында облыстағы барлық елді мекенге орталықтандырылған ауызсу қосамыз.

Егемендікке қол жеткізуді аңсап, өмірін күреспен өткізген ата-бабаларымыздың асыл арманы Тәуелсіздігімізді

баянды ету – бүгінгі ұрпақ үшін жауапкершілігі зор міндет. Баршанызды Республика күнімен тағы да құттықтап, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, толайым табыстар тілеймін! Еліміздің өркендеуі жолындағы адал қызметтеріңіз табысты, еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар шеңберінде қаржыландырудың барлық көзінен биыл 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер

табысталып, 17 мың тұрғын баспаналы болды.

«Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен Қорқыт ата әуезжайының жаңа терминалы салынды. Жерлестеріміз үшін бұл – өте маңызды жоба. Жақын арада ел игілігіне табысталады. Қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Нысан келесі жылы құрықтала бастайды пайдалануға беріледі. Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы оң шешімін тапты. Яғни 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су қосылады.

Салтанатты жиында өңірдің дамуына өз еңбегімен ұлес қосып жүрген бірқатар азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, еңбек ардагері Жарылқасын Шәріпов ІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталса, 7 азаматқа «Парасат», 15 азаматқа «Құрмет» ордені, 22 азаматқа «Ерен еңбегі үшін», 2 азаматқа «Шапағат» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Құрметке ие болғандардың қатарында сырбайлық журналистер де бар. Еселі еңбегімен қазақ журналистикасының дамуына үлес қосқан белгілі тележурналист Айткүлі Шалғынбаева, «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев, ардагер-журналист Нұрмахан Елбай «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҰЛТТЫҚ САНА МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ

Өз уақытында Англияда тыйым салынған, 1651 жылы жарық көрген «Левинафан» еңбегінің авторы, ағылшын философы Томас Гоббес осы шығармасында мемлекет мәселелеріне кеңірек тоқталады. Бұл еңбек төрт бөлім және 47 тараудан тұрады. Бірінші бөлім адам, оның болмысы, табиғи ахуалы

табылады; егемендік мүлкіті анықтау ережелерін белгілейді; егемендіктің сот билігі, соғыс жариялау және бітімгершілік орнату, кеңесшілер мен министрлерді таңдау, марапаттау және жазалау, құрметті атақтар беру құқығы бар. Осы тұжырымға сәйкес жоғары билік билик емес, керісінше оның жоктығы ұлттық

күйі мен ұмтылысын қорсетті. Ұлттық бірегейлік: егемендік туралы декларация ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етті. Декларацияда қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту еліміздің мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығы айтылған. Бірлік пен ынтымақтастық: декларация халықты бірлік пен ынтымақтастықтағы біріктіруші құжат бола алды. Құжат ұлттық бірлік сезімін оята отырып, қиындықтарды жеңуге және жақсы болашақты құрудағы ұжымдық ерік-жігерді білдірді. Азаттық символы: еліміздің егемендігін жариялау актісі КСРО-ның орталық басқаруындағы бақылау мен қысымынан азаттық алудың символы болып табылады. Бұл отаршылдық биліктің үзділігі және өзін-өзі басқарудың басталуын білдіреді. Рухберу: егемендік туралы декларация болашақ ұрпақты құжатта бекітілген қағидаларды қорғауға және қолдауға шабыттандырады. Құжат бостандық пен өзін-өзі анықтауды қамтамасыз ету үшін алдыңғы ұрпақтың күресін еске салады. Әлемдік қауымдастықтың мойындауы: егемендік туралы декларация мемлекеттің өмір сүруін одан әрі заңдестіру алатын халықаралық қауымдастықтың мойындауына ұмтылады. Бұл мойындау тәуелсіздік алғаннан кейінгі дипломатиялық қатынастар орнату және халықаралық ұйымдарға мүше болу жолында өте маңызды болды. Мәселелер мен міндеттер: декларация елеулі жетістік болғанымен, құжат қағидалары қиындықтар мен жауапкершілікті де қамтиды. Декларация қағидаларына сәйкес еліміз егемендік қағидаларын қолдау, өз азаматтарын қорғау, тұрақты және гүлденген қоғам құруға күш салып келеді.

Осылайша, мемлекеттік егемендік туралы декларация ұлттық сана мен мемлекеттілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Декларация тарихи маңызы бар сәттерді бейнелейді, бостандық, өзін-өзі анықтау және ұлттық бірегейлікті тұрақты нысандары ретінде қызмет етеді. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында елімізде ұлттық сана мен мемлекеттілікті қағидалары қалыптасып, уақыт өте келе күшейді, егемендік пен тәуелсіздіктің жемісті актілері заңнамада бекітілді. Бұл құжаттар қоғамдық және саяси жүйе тәртібімен қатар, жұртшылық менталитетін де өзгертті.

Мұрат НАСИМОВ, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры



мен табиғи заңдылықтарына арналған. Екінші бөлімде мемлекет пен егемендік қарастырылады. Үшінші бөлімде христиандық мемлекет зерттеледі. Төртінші бөлімде Гоббес «қараңғылық» патшалығы туралы мәселені көтереді. Аталған екінші бөлімде Гоббес ортақ билікті орнату мақсатында азаматтар бір адамды немесе олардың өкілдерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет әрекеттерге мәжбүрлеуі керектігін айтады. Жоғары билікке ие мұндай өкілдік тек егемендікке беріледі. Гоббес тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттің егемендігі қалыптасқаннан кейін жүзеге асырылады: бір елдің қузырындағы азаматтар басқару нысанын өзгерте алмайды; егемендіктің жоғары билігін жоғарту мүмкін емес; егемендікке ешкім тұжырымдамасына негізделген жаңа тәртіптің бастауын белгіледі.

Мемлекеттік егемендік туралы тұжырымдаманы отыз жылдық соғысты аяқтауға көмектескен 1648 жылғы Вестфаль бейбіт келісімімен байланыстыруға болады. Бұл келісім егемен мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасын мойындайтындықтан, қазіргі заманғы мемлекеттік егемендіктің бастапқы іргесі ретінде жиі қарастырылады. Бұл келісімнің негізгі ерекшелігі - халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін орнатты. Өйткені Вестфаль бейбіт келісімі сол кезеңдегі дипломатиялық мәжілістің жемісті нәтижесіне айналды. Құжат Еуропадағы мемлекеттік егемендік тұжырымдамасына негізделген жаңа тәртіптің бастауын белгіледі.

Басы 1-бетте

«АҚЫЛДЫҢ КЕНІН» КҮЗЕТКЕНДЕР



Кітапқа таласып қалатын оқырмандар бар

— «Адамды адам еткен — кітап, адамзат еткен — кітапхана» деп жазушы Әбіш Кекілбаев айтқандай, сол кітапханада жұмыс істейтін кітапханашы маман жайлы көбісі біле бермеуі де, елеі бермеуі де мүмкін, — деп бастады сөзін Жанат Қараманова.

Рухани байлықтың бел ортасында отырып, әрбір оқырманға «Артық білім — кітапта» екенін танытып жүрген білікті маман оқырманның да сан түрлі болатынын айтады. Өлбетте, аймақтың маңдайалды Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханада жұмыс істейтін ол мұндағы қызықтың көп екенін жеткізді.

— Кітапханаға күніне жүздеген адам келіп жатады. Олардың мінездері де әр түрлі. Сондықтан күн сайын түрлі оқиғаға кезігіміз. Мен білетін тұрақты оқырман екі үлкен кісі бар, екеуі әрі құда екен. Кітапты жарысып оқиды, бірге келіп, бірге қайтады. Өзара кітап оқудан жарысып жүреді. Кейде бір кітапқа баладай таласып қалады. Сөздік қоры мол, мақалдап қалжыңдайды. Бір-бірін кейіпкерлердің атымен атап жатады. Әр келген сәттері бізді күлдіріп, жадлатып кетеді. Кейде жасқа толмаған баласымен келетін оқырмандар бар. Тандаған кітабын алып болғанша бөпесін жұбатып, ойнатып, көтеріп жүруімізге тура келеді, — дейді кітапханашы.

Өмірде рухани құндылық ағап, білмегенімді ішінен іздеп табатын осынау кітап атты әлемнің өзі де сан түрлі сырға ие. Әрқайсысы өмірді, бір-бір тағдырды аркалап тұр.

— Кітап. Кітапхана. Кітапханашы. Бұл үш ауыз сөз болғанымен бір-біріңіз толыққанды бола алмайтын рухани орта. Ал кітапханашы сол кітаптағы асыл мұраларды оқырманға жеткізетін алтын көпір. Ол — алдына келген әрбір адамның іздеген кітабын тауып беріп, әрбір тақырыбына сай бағыт-бағдар беру үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқаратын жан. Оқырмандарының кітап оқуға деген ынтыасын, білім жетілдіруге деген көзқарасын ояту — басты парызы. Кітапхана оқырман үшін өмір мен тәрбие мектебі. Кітапханашы әрбір кітап іздеп келген жасқа кітап берумен шектелмейді, білім, ғылым, өнер және мәдениеттің дамуына үлес қосып отыр. Сондықтан да кітаптың құдіреттілігін түсінген жан ғана кітапханашы бола алады, — дейді Жанат Қараманова.



Бүгінде кітапханада түрлі деңгейдегі әдеби-сазды кештер, ақын-жазушылармен кездесу тәрізді іс-шаралар бірінен соң бірі кезекпен өтіп жатады. Байқағанымыз, «қазіргі жастар кітап оқымайды» деген сөздің жаңсақ пікір екенін дәлелдеп жүр. Ойынан өлең құрап, шумақтатып жыр жазар ақынжанды жастар рухани ортаның табалдырығын тосдырған. Келушілердің қарсы қалып екені біздің де санамызға сәуле шашып, үміт отын оятқандай болды.

Айтпақшы, кітапхана қызметкерлері мекемелерге барып, көшпелі кітапхана ұйымдастырады. Адам көп шоғырланған орталықтарда кітапхана, кітап туралы сауалдар қойып, кітапхана оқырманы болуға шақырып, оқырмандардың қызығушылығын оятуда тынымсыз еңбектенуде. Мұнда келетін оқырмандардың көптігі де осы еңбектің жемісі болса керек.

Сөз басында айтқан біздің студенттік кезеңдегі «Кітапхана түнде де жұмыс ітесе ғой» деген арман орындалғалы да біраз болды. Облыстық әмбебап кітапхана 2024 жылдың 1 маусымынан бастап 24:00-ге дейін жұмыс істеуде.

— Бұл түнгі кітапхана бастамасы жұмыстан қолы босамай, кітап оқуға уақыт жеткізе алмай жүргендер үшін тиімді. Жастардың кешкі уақытын тиімді өткізуге де септігін тигізеді, — деді Жанат апай.

«Оқырмандар өтініш айтса, жұмыстан кейін де сағаттап күтемін»

«Шұғыла» шағын ауданының теміржол бойында орналасқан аядай ғана №6 кітапхана барлық жастағы оқырмандарға арналған. Мұнда бааладан бастап қарияға дейін келеді. Кітапханашы Кенжеш Аманова келушілерге қызмет көрсетуде. Тәжірибелі маман өз мамандығына жан-тәнімен берілгенін байқатты. Ө дегеннен кітап оқуға кеңес беріп, қай жаста қандай кітап оқуға болатынын айтты.

— Біздің кітапханада көркем әдебиеттен бастап ғылымның барлық саласына қатысты кітап бар. Мұнда ғылыми жұмыспен айналысып, ізденіп жүргендер көп келеді. Сіздердің алдарыңызда ғана аударма жұмысымен айналысатын жас ғалым келіп, бірнеше сағат отырды. «Кітап оқымайды» деген сөз бекер айтылған.

Оқуға түсуге дайындалып жүргендер де осында келеді. Рас, ғаламтор қолжетімді, бірақ ондағы ақпараттың нақтылығына күмән көп. Сондықтан кітап парақтап, керекті мәліметін іздейтіндер көп. Кейбірі тіпті оқытын кітапты өзіңіз таңдап беріңізші деп жатады. Жаңадан келген әдебиеттерді оқырмандармен бірге талдау да сәтсіз көп. Ал жұмыс аяғы болып, есікті жауып жатқанда келіп, өтініш айтатындар бар. Оқырман — біз үшін қымбат. Сондықтан олардың кітап оқып болуын жұмыстан кейін сағаттап күтетін кез де аз емес, — дейді кітапханашы.

Кітапханашылар карттар үйінің тұрғындарына кітап апарды. Көшпелі кітапхана ұйымдастырады. Қайырымдылық істе алдыңғы қатарда жүретін ағеден жандардың көзіқарақты оқырмандары да жетерлік. Ардагерлер үйінде де оқырман көп.

— Біздің оқырмандарымыз кітапты асықпай оқиды. Уақыты келгенде қосымша күндерге сұрайтындар да бар. Қызығушылығы өте жоғары. Өйткені жұмысбасты қоғам ғой қазір. Сол зулаған уақыттың ішінен кітап оқуға уақыт тауып жатады. Әрине, бұған қуанамыз. Зейнеткер оқырмандар да белсенді. Газет-журнал оқиды, кітап парақтайды. Күнделікті бір келіп кетпесе басы ауыратын тұрақты оқырмандарымыз бар. Олар мұнда күніне бір келуде дағды еткен. Осында келіп тұратын 10 газет, 5 журналымыз бар. Зейнеткерлеріміз үшін олар — қызық, — дейді Кенжеш апай.

Оқырманға ұсыну үшін алдымен өзі оқып, сараптап шығатын кітапханашы көркем әдебиетті жанына жақын тұтады. Мұнда келген әрбір оқырманға жасына лайық кітаптарды ұсынып жүр. Ол Бексұлтан Нұржекевтің «Ерлі-зайыптылар», Бибігүл Иманғазинаның «Тауқымет», Нұрғас Исбабаевтың «Өмірге құштарлық» тәрізді кітаптарын бірнеше мәрте оқыған. Ал осы күні мотивациялық кітаптарды оқып жүр.



— Байқап отырсаңыз, сол мотивациялық кітаптарда жазылған нәрсені ата-бабамыз әлдеқашан айттып кеткен. «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еріншектің ертені бітпес», «Жақсымен дос болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа» деген сөздің әрбірінде бір-бір бағыт, бір-бір мотивация тұр. Қазіргі кітаптар ата-бабамыздың осы даналығын тағы бір есімізге салады, — дейді ол.

«Қыздың жиған жүгіндей» болып, жып-жинқы орналасқан аядай бөлмеден шыққан келмейді. Осы бір ортаның ерекше тартып тұратынын-ай дерсің.

Ең алғашқы оқырманы — Асқар Тоқмағамбетов

А.Пушкин атындағы қалалық кітапхананың ең алғашқы оқырманы — қазақтың қырғи тілді ақыны Асқар Тоқмағамбетов. Қыркыншы жылдары елді ағарту саласындағы атқарылған маңызды істің бірі — осы кітапхананың ашылуы. Кеңес Одағының құрамынан шығып, өз алдына отау тігіп, тәуелсіз Қазақстан атанған тұста да осы кітапхананың атын өзгертуге халық атынан ұсыныс та берілген. Бірақ Пушкин — орыстың Абайы. Ал біздің бас ақынымыз Абай Құнанбайұлының ескерткіші Мәскеудегі Қазақстан елшілігінің алдында тұр. Ресейде Абай жылы, бізде Пушкин жылы да атап өтілді. Міне, екі ел арасындағы рухани байланыстың символындай болған бұл кітапхананың аты осы себептен өзгертілмей қалды.

Бүгінде қорында 107 мың кітап бар бұл руханият орталығына Сырдың ғана емес, қазақтың көрнекті ғалым-ұстаздары жиі бас құғатын. Қазақ ғылымына тың тақырыптармен түрлен салған осындай марғасқалардың іздегенін тапқан кітапхана бүгінде елдің сұранысына сай жұмыс істеуде. Биыл 75 жылдығын атап өтпекші.

— Кітапханашы — шәкірт тәрбиелеп, бала оқытатын мұғаліммен тең. Иә, біз де бала оқытамыз, олардың санасына сәуле шашып, білімді, көзқарасы қалыптасқан, таным көзжіегі кең азамат етіп тәрбиелейміз. Тек оқушыларға ғана емес, ғалымдарға да бағыт-бағдар береміз, — дейді кітапхана меңгерушісі Римма Кенжеева.

Мұнда балаларға еліміздегі мүйізі қарағайдай қаламгерлердің туындылары насихатталып, шығармаларына талдау жүргізіліп отырады. Тіпті жазасын өтеушілерге де қылмыстық атқару жүйесі департаментімен бірлесіп, кітап апарды. Көшпелі кітапхананың ерекшелігі де сонда, кітапқа қолы жетпейтін оқырманға жағдай жасайды. Орталық алаңда, оқу орындарында, қоғамдық орындарда жұртшылықты кітап оқуға шақыратын мамандардың еңбегі ерен екені даусыз.

— Кітаптың адам өміріндегі маңызы ерекше. Оқыған адам мен оқымаған адамның айырмашылығы жер мен көктей. Кітап оқыған адам көпшілік алдына шығып сөйлеуден қысылмайды, шешендік қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды. Мәдениетті болады. Қай жерде қандай сөз сөйлеу керетін білетін, орындары ерекше ететін тұлға болып қалыптасады. Қырық жылға жуық уақыт шеңберінде мен осы нәрселерге көз жеткіздім. Әрине, оқу керек. «Көзі ашық, көкірегі ояу» деген керемет сөз бар. Осы анықтамаға сай болсақ, қандай жақсы?! — дейді Римма Нарекешқызы.

Кітапхана ішіндегі жаңа жайлы атмосфера кітап оқыған жанның жан дүниесін тазарта түсетін тәрізді. Ғимарат ішіне енгеннен бастап мерекелік көңіл-күй сезіледі. Ал мұндайда менгеруші сөз тауып, «Біз үшін әрбір оқырман — құтты қонақ. Ал қонақты осылай қарсы алу керек» — деді. Руханияттың ортасы адамды дұрыс бағытқа сілтейді. Кітаптың тәрбие құралы екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Ас әзірлеп жатып, дәмін әуелі өзі татып көретін аспаз тәрізді кітапханашылар да оқырманға ұсынар кітапты алдымен өзі оқып, ой елегінен өткізіп барып ұсынады. Кейде күніне пәлен кітап оқыған деп рекорд айтып жататын желідегі жұрт сияқты емес, олар мақтануды білмейді. Әйтпесе, саналы тұмырының қырық жылын кітапхана жұмысына арнаса да, қанша кітап оқығанын білмейтін мамандар бар. Бәлкім, мыңнан аса кітап оқып, көңілге тоқып қойған шығар, бірақ олар оны санамайды да. Өзгелерге өзі ғана емес, отбасы да үлгі болу керек деп ұққан Айну Раманқұловамен төл мерекесі қарсаңында сұхбаттасудың сәті түскен еді...



Айну РАМАНҚҰЛОВА, Қызылорда жоғарғы медицина колледжі кітапханасының меңгерушісі:

БАЛАЛАРЫМА «БЕС ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫНЫ» ЖАТТАТТЫМ

— Айну Есенжолқызы, «Компьютер менгергендерді кітап оқығандар басқарады» деген сөз бұрыннан айтылады ғой. Қазір қай бағытта келе жатырмыз?

— Кітап оқығандар бәрібір бір саты жоғары тұрады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Кітап оқытын ұлтқа айналуымыз керек» деп, бұл мәселені мемлекеттік деңгейде көтерді. Осы бағытта бірнеше жобалар қолға алынды. Әрбір көркем әдебиетті жастарға насихаттап, оларды оқуға шақыруда тынымсыз еңбек етіп келеміз. Жаңа әдебиеттерді көрмеге қойып, «Оқуға құштар колледжі» бастамасымен жоспарлы әрекет етудеміз.

— «Қазіргі жастар кітап оқымайды» деген пікірге көзқарасыңыз қалай? Әрине, сырттан тон пішкенен, осы саланың ыстық-суығына шыдап жүрген өзіңізді пікіріңізді білсек...

— Бірінші және екінші курс студенттері оқырмандар залына көп келеді. Бірде солардың ішінен біреуіне кітапты ұсындым да, дауыстап оқуын өтіндім. Өлеңкіде дауысы дірілдеп, жасқана оқиды. Кезек келесі балаға келгенде ол сәл ашылды. Осылай жалғаса берді. Мұнан соң балалар «мен оқыншы» деп өздері сұрайтын болды. Бір күні артқа партада отырған бір бала «Апай, мен «Өгей баланы» оқыдым. Түсінік айтып берейінші», — деді. Қарсы болмадым. Өлеңкіде балалардан оқыған нәрсесін тоқтатып қойып, түсінік сұрағанда күмілжіп қалатын. Кейін олар да осылай өздерін қалыптастырып алды. Өзімің ең алғашқы оқыған кітабым шетел әдебиеті еді. Неге екені белгісіз, кейін мүлдем шетел әдебиетін оқымай кеттім. Студент Джеймс Гринфудтің «Өгей бала» туындысын айтып бергеннен кейін мен шетел әдебиетіне қызыға бастадым. Осылай бір-бірімізді үйретеміз. Ал мұнан соң жастарды кітап оқымайды деп айтып көріңіз.

— Демек, оқырмандарды кітап оқуға қызықтыратын ерекше әдістеріңіз болып тұр ғой...

— Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасы» адамды өзіне қызықтырып, сол әлемге ертіп әкетеді ғой. Аяқкімің ұзақ кино үшін мектепке барғанда ғана киіп барып, қалған уақытта жалаңақ жүретін жері бар. Табанға кірген тікенді де елемейді. Мұндай оқиғалары оқырманды елжіретіп жібереді. Өзім де оқып отырып, жанарымнан бірнеше тамшы сырғанатқаным бар. Кітаптың қызық тұсынан үзінді айтып беремін де, қызық жерінен бітіп қалатын сериалдар тәрізді тоқтатып қойып, қалғанын өздерің оқып алындар деймін. От жағу қиын кез. Айша баланы көрші үйден шелекпен шоқ әкелуге жұмсайды. Ысқырып тұрған боран-дауыл. Ол кездің көршілері біз тәрізді қабырғалас емес.

Ал бала сол ауыздығымен алысқан асау аттай ауа райына төтеп беріп, шелекпен шоқ әкелу керек. Шелекпен шоқ алып, үйді айналдып шыға бергені сол еді, ұйытқыған жел шелекті қолынан жұлып әкетеді. Осы оқиғаны айтамын да, студенттерге қарап: «Әрі қарай не болғанын өздерің оқындар» деймін. «Апай, айтыңызшы», — деп, оқиғаның әсерінен шыға алмай кітап оқиды. Ермесіне бірге талқылаймыз. Менің бұл әдісім оң әсерін берді. Оқырмандарым тіпті кітаптағы оқиғаға жан-тәнімен беріліп, оны көз алдына елестетіп оқытын болды.

— Оқырмандарға құрақ ұшып қызмет жасайды екенсіз. Отбасында балаларыңыз да кітапқа жақын болар...

— Балаларға «Бес ғасыр жырлайдыны» жаттаттым. Ұлтымыздың небір қаймақтарының шығармаларын біліп жүргені жақсы. Ол кітаптан әрі қарай өздерінің талғамы бойынша оқытамын. Адамда талғам, қызығушылық деген болуы керек. Қазір балалар кітапты өз беттерімен оқиды. Ал кітап оқыған баланың айналаға көзқарасы, таным-түсінігі басқаша болады.

— Сұхбатыңызға рахмет.

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБИЗ

Шырынкүл ТУХМАРОВА, саяси ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы:

ТАРИХИ МӘНІ БАР

Республика күні әрбір жастың бойынан ұлтжандылықты, отансүйгіштікті, өз елінің тілін, өз елінің дінін, әдеп-ғұрпын, тарихын құрметтеуді тәрбиелеуге ұстаз ретінде бет бұрамыз. Қазіргі жастарда осы мереке арқылы мемлекеттік деңгейдегі түрлі шаралар, оқу орнында түрлі конференциялар, кездесулер барысында ұлттық көзқарасты, ұлтжандылықты,

ұлкендерді сыйлап, кішілерге камкор болу қасиеттерін дарыта білсек, онда бұл мерекенің бізге берері орасан зор. Бір сөзбен айтқанда, тарихи мәні зор мереке екенін ұмытпауымыз керек.

Олай болса, күн нұрындай денгейдегі түрлі шаралар, оқу орнында түрлі конференциялар, кездесулер барысында ұлттық қуанышы мен қызықты сәттерін сыйлай берсін.

Талғат НАҒАШЫБАЕВ, Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі, сазгер:

ҚАЗАҚ ҮШІН ПАТРИОТТЫҚ МЕРЕКЕ



Оның бір дәлелі, менің шығармама да патриоттық әндерім тыңдармандарға ұсынылып келеді. Айталық, «Жайна Қазақстаным», «Отаным» секілді әндер бар. Сонымен қатар бұл әндер осы күні үлкен сахналар мен мектептер және балабақшаларда орындалып жатыр. Яғни, болашағымыз саналатын балаларымыз патриоттық әндерді орындап өссе, одан артық бақыт бар ма деген ойда қаламын.

Алтынай МОЛЖАНОВА, «Анаға тағзым» орталығының басшысы:

БІЗГЕ ЕРКІНДІК СЫЙЛАҒАН КҮН



Бүгінде көк байрағымыздың астында бақытты өскелең жас ұрпақ өсіп келеді. Әрине, бұл қуантарлық жайт. Өзім осы елімнің өркендеуіне өз үлесімді тамшыдай болса да қосып келемін деп ойлаймын.

Олай болса, Республика күнінде жүрегі қазақ деп соғатын әрбір Қазақстан азаматының кеудесін мақтаныш кернеп, еліне деген сүйіспеншілігі жүзінен байқалатын мерекеді осындай жарқын да, бейбіт күніміз көп болсын дегім келеді.

Бүгінге кәсіпқұралды астанада бақытты өскелең жас ұрпақ өсіп келеді. Әрине, бұл қуантарлық жайт. Өзім осы елімнің өркендеуіне өз үлесімді тамшыдай болса да қосып келемін деп ойлаймын. Олай болса, Республика күнінде жүрегі қазақ деп соғатын әрбір Қазақстан азаматының кеудесін мақтаныш кернеп, еліне деген сүйіспеншілігі жүзінен байқалатын мерекеді осындай жарқын да, бейбіт күніміз көп болсын дегім келеді.

– Жалпы ойын индустриясы елімізде аса қатты дами қоймағаны белгілі. «Game Dev» саласына қалай келдініз?

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің информатика, жаратылыстану ғылымдарының магистратурасын тәмамдады. IT саласында 3D модельдеумен айналысып, зерттеп келемін, кәсіби тілмен айтқанда 3D artist. Ал «Game Dev» бағыты осы саланың бір бөлігі болған соң, оны да зерттеп, осы арқылы балалық шағымдағы армандарымның бірі қазақтың ежелгі қалаларына виртуалды саяхаттауға мүмкіндік жасадым.

– Біраз жоба жасап жүрсіз. Соның ішінде өзіңіз ерекше атап айтатыны бар ма?

– Жобалардың арасында өзім қызығып әзірлеген, маман ретінде өсуіме де жол ашқан, жаныма жақыны – «Ежелгі Жанкент қаласына виртуалды саяхат» жобасы. Бұл – студент кезімде, 3D модельдеу бағытын үйрену жолында жасалған алғашқы жобам. Яғни, Ежелгі Жанкент қаласына виртуалды көзділік арқылы шынайы түрде серуленгендей әсерде боласыз. Қазір ресейлік онлайн білім жетілдіру курсы оқып жатырмын. Курсқа қатысушылармен бірге ежелгі қалалардың модельдерін жасаудамыз. Ал біткен істің бірі – Анаға тағзым орталығында «Қазақ елінің Ұлы аналары» картинасының (AR) мобильді қосымшасы. Бұл мобильді қосымша картина бетіндегі тұлғаларды қозғалту арқылы толық ақпарат береді.

– Ойындардың дизайны мен механикасын жасауда қандай талаптарға сүйенесіз?

– Жалпы ойын дизайны стильге байланысты, яғни шынайы өмірдегідей ойындар, стилистикалық – әртүрлі фантастикалық, мультифильмді ойындар. Ал ойын механикасы өкіш, симулятор, стратегия т.б. жанрдың таңдалуына байланысты.

– Сіздің ойыңызша, қазіргі уақытта қандай ойындар трендте? Ойынның жастар тәрбиесіне әсері қандай?

Басы 1-бетте

Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйінде қазақ сахнасының айтулы тұлғасы, КСРО және Қазақ КСР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбира Майқанованың туғанына 110 жылдығына орай «Театр. Өмір. Сахна» атты еске алу кеші өтті.

САХНА САҢЛАҒЫ, ҰЛТ АНАСЫ – СӘБИРА

«Сырдың сұлу сары алтыны Сәбира» атты деректі фильммен ашылған салтанатты шара Шығыс Айтма-товтың «Ана – Жер Ана» қойылымымен жалғасты.

Шара барысында Сәбира Майқанованың қызы, медицина ғылымдарының докторы Гүлдер Әбірашитова және Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің кавалері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының актерлік-шеберлік және режиссура кафедрасының педагогы, профессор Рахиял Машуrowa тағалымды естелік айтты. Айтпа кетейік, Сәбира Майқанова 1914 жылы I қаңтарда Қызылорда облысы Сырдария ауданында



дүниеге келген. 1970 жылы КСРО-ның халық әртісі атанған. Театр сахнасындағы тұңғыш ролі – Б.Майлиннің «Майдан» драмасындағы Алтынай образы болды. Мұнан соң сахна шебері замандаас құрбыларының сахналық бейнесін жасады.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» жобасы аясында «Сыр өңірінің рухани құндылықтары» атымен үш тілде жарық көрген фотоальбомының тұсауы кесілді. Шараға гуманитарлық-педагогикалық институтының профессор-оқытушылары, білім алушылар және фотоальбомды құрастырушы археолог А.Сайлау қатысты.

ФОТОАЛЬБОМ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Фотоальбомда Сыр өңіріндегі кесенелер, тарихи орындар және құнды жәдігерлердің фотосы мен атаулары, олардың QR картасы қоса берілген. Суреттер өлке тарихынан сыр шертеді. Бұл фотоальбомға Жетес би кесенесі, Жақайым баба тарихи орны, Орал ахун кесенесі, Сараман Қоса мұнарасы, Толайбат батыр, Орғабек ишан, Әлібай ахун, Тұрмағамбет ақын, Тапал ахун, Алтайбек ахун, Мұнайтыпас би қорымы, Дәуіт әулие кесенелері, Орта ғасырлық Ақ Қорған, Өзгент қалашықтары, Төлекқожа батыр кесенесі мен түрлі жәдігерлер еніп отыр.

Фотоальбом Сыр өңірінің тарихына, мәдениетіне қызығушылық танытқан тұлғаларға, этнография, туризм, мәдениеттану, т.б. саласының мамандарына, өлке-танушыларға, өлкені танып-білемін деген жалпы көпшілік оқырманға арналған. Бұл еңбек Сыр өңіріндегі қасиетті жерлердің мәдени-географиялық белдеуін ұлттық рухани құндылықтар арқылы танытумен маңызды.

А.Т.ТӨЛЕБАЕВА,
жобаның аға ғылыми қызметкері

Бағдат ҚАДЫРБЕКОВ, қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері, IT маман:

ОЙЫННЫҢ ТАБЫСЫНАН БҰРЫН ОНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫН ОЙЛАУ КЕРЕК



– Трендтен түспейтін ойын түрлері бар, олар: FIFA, DOTA, CS. Бұл біздің бала кезден, мүмкін, оларда бұрын келе жатқан ойын түрлері, мұны ойнамаған адам жоқ шығар. Ал ұғымы қысқа ойын көп, өкінішке қарай, оның арасында жасөспірімдерді теріс жолға тәрбиелейтін ойындар да баршылық. Өзім білім саласында жұмыс істегендіктен ойынның мазмұнына мән беремін. Ал шәкірттерімізді ұлттық дәстүрлілікті дамытуға, таныстыруға арналған ойындар жасауға немесе элементтер қосуға бағыттаймын.

– Ойын жасауда қандай қиындар бар?

– Білікті мамандар аз. IT мамандардың басқа қалаға, тіпті басқа елге кетуі қиындайтады. Жұмыс сапалы болу үшін сапалы маман, сапалы жұмыс жүйесі, жақсы жалақы болуы керек. Бұл – IT саласындағы өзекті мәселе.

– Ойын жасаудың қандай кезеңі ең маңызды деп санайсыз?

– Ойын жасауда әр кезең маңызды, тіпті қарапайым дыбыс, мәтін жазу, оның құрастырылуы да өзекті. Ал аса маңыздысы, әрине, жұмыс барысында топтық қызығушылық пен мотивацияны жоғалтпай беру, себебі қандай да жұмыс болмасын әртүрлі факторлар пайда болады, барлық жоба нәтижелі бола бермейді, кейде адами да, техникалық та сынақтар болады.

– Қазіргі таңда барлық салаға дерлік жасауды интеллект белсенді түрде еңуде. Жасауды интеллекттің «Game Dev» саласына әсер етеді ме?

– Әрине, жақсы жағына әсерін тигізуде. Жи-ді максатты түрде қолдана,

көп жұмысты жеңілдетіп, уақыт үнемдеп, кей мәселелерді шешуде мол мүмкіндіктер бере алатын жақсы құрал. Қазіргі таңда Game Dev бағытында ЖИ өте керемет өзгерістер жасауда, кез келген ойынды шынайы бейнелеуге, графикалық сапаны күшейтуге де өз септігін тигізуде.

– Сіз үшін ең маңыздысы қайсы: ойынның сапасы, әлде табысы?

– Ойынның табысынан бұрын оның пайдасы мен зиянын ойлау керек. Жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін ойыннан түскен табыстың еш қайыры болмайды. Адал және жақсы пайдаға көзделген жұмыстан түскен табыстың аз да болса берекесі болады деп ойлаймын. Асыл дінімізде «Жұмысшының ақысын маңдай тері кеппей тұрып беру керек» деген бар, сапа мен табыс деңгейі бірдей болуы тиіс, себебі жұмыс сапасы болуы үшін оның еңбекқандығы да уақыттылы болуы керек. Әлемде көптеген ірі әрі табысты компаниялардың қызметкерлеріне деген қарым-қатынасы жоғары болашақтан жұмыс сапасы да жақсы нәтиже береді.

– IT саласын таңдаған жас мамандарға қандай кеңес бересіз?

– Уақытты тиімді пайдалану керек. Білім алу қиын, түсініксіз, қызықсыз болуы мүмкін, бірақ соның бәрін жеңе біліп, бос уақытты тиімді пайдаланса, болашақта сол еңбегінің нәтижесі де жақсы болады. Жан кинауға жаны қас, жатып ішеу әуес жалқаулардың қатарын толықтырмай, еңбектену керек, еңбек бәрін жеңбек.

– Сұхбатыңызға рақмет! Әңгімелескен
София ХАЙРҰЛЛАҚЫЗЫ

ЗАҢДЫ СЫЙЛАЙТЫН ҚОҒАМ ҚҰРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Жақында ел астанасында ҚР Судьяларының IX съезі өтті. Әр төрт жыл сайын өтетін жиынның сот жүйесін дамытудағы маңызы зор. Мемлекет басшысының қатысуымен өткен жиынға барлық өңірдің судьялары, орталық және мемлекеттік орган өкілдерімен бірге шетелдік сарапшылар қатысып, еліміздегі сот жүйесін жетілдіру, жоғары соттың жұмысын жеңілдету, стратегиялық шешімдер қабылдау сынды өзекті мәселелер қозғалды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті қоғамның негізгі іргетасы заң мен тәртіптен қаланып отырғанын үнемі айтып келеді. Заң алдында барлығы бірдей тең құқылы. Елімізде мұндай көзқарасты сот органдары қалыптастырады. Бүгінде көпшіліктің сотқа деген сенімі артқан.

Бұған елімізде сот отырыстарының ашық көрсетілуі септігін тигізуде. Съезд барысында сот жүйесінің бүгінге дейін жетістіктері де сөз болды. Оның ішінде сот жүйесінің институционалдық дербестігі нығайып, алқа билер тәжірибесі енгізілді. Судьяларға қысым көрсетілмеуі үшін қажетті шаралар қабылданды. Жеке адамдар мен кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауда сот жүйесінде әкімшілік әділет қызметі пайда болды. Цифрландыру жұмыстары да оң нәтижесін беруде. Осы сынды өзге де ауқымды шаралар судьялардың от имиджін қалыптастырып, әділ соттың бет-бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сот ісін жетілдірудегі атқарылатын жұмыстар мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне қасиеттілік тәртіппен шағымдану мүмкіндігі берілмек.

Бұл туралы ҚР Судьяларының IX съезінде Мемлекет басшысы атап айтты. Енді келер жылдан бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке қасиеттілік сот құрылып, өз жұмысын бастамақ. Қасиеттілік соттардың құрамы тәжірибелі судьялардан жасқалады. Ел Президенті Қ.Тоқаев мұның азаматтардың

сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайтынын ерекше атап өтті. Осылайша елімізде әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Сонымен бірге сот жүйесін цифрландыру жұмыстары жалғасын табады. Сот отырысының ашық өтуін қамтамасыз етуде цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігі зор. Озық технология мен жасанды интеллектті пайдалану да сот ісін жеңілдетуге ықпал етеді. Съезде көтерілген тағы бір мәселе сот мамандарын іріктеу және құзыретін күшейтуге баса мән беру жайы болды. Бұл ретте судьялардың жаңа Әдеп кодексі қабылданбақ. Мемлекет басшысы Жоғары сот кеңесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс дегенді баса айтты. Қоғам үшін судья адалдық пен әділдіктің жаршысы болуы тиіс. Судьялардың этикалық норманы сақтауы, сот ісін қараудағы тәртібі, сот барысындағы жауапкершілігі қазылардың қаруында болады. Бүгінде сот органдарының басты мақсаты – Президенттің «Заң мен тәртіп» қағидасына сай сотқа сенетін, заңды сыйлайтын қоғам құру болмақ.

Сәбит РҮСТЕМОВ,
Қызылорда облысының әкімінің орынбасары мен әкімнің орынбасарының орынбасарының орынбасары

Меншік ісін:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, болдыр - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру нәсінін жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1679

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН